

# Өнерді сүйгендер марапатталды

**Қаншама адам танылған өнерменен, Өнердің арқасында, шалқып жүрген. Денеңді шымырлатып, толқытатын Мәңгілік басымды ием, өнерге мен.**

Мәдениет - мәңгілік, өнер - өміршең. Осынау өміршең ортаның тамырын талай талант иелері басып жүр. Ол ортада біреуі асып жүрсе, енді бірі жасып та жүр бәлкім. Дегенмен талайды таңдай қақтыратын адамның таланты мен өнері. Өнер жолы ауыр

жол дегендей, тастай қатқан мұзға да, кей кезде сай сүйекті сырқыратар сызға да, адамның талантын биіктен көрсетер құзға да теңеуге болады. Өнер деген қайнап жатқан қазанда күйіп те қалуың ғажап емес, бірақ сол ортаның өмірін сүйіп те қалуың мүмкін. Сөзді қысқа қайырсақ адамды өсіретін де, өшіретін де-өнер. Өнер мен мәдениет - егіз ұғым. Мәдениет - ел мәйегі. Мемлекетті айшықтайтын ең басты факторлардың бірі. Сондықтан да өнерін сүйген, өнерпазын мәпелеген елдің мәртебесі қашанда биік. Өнер-елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса,

сол жердің еңсесі биік, рухы да жоғары болады. Мәдениеттің мәйегі өнер арқылы дәріптеліп, халықтың құлағына жетіп жатады. Міне, сондықтан да, шырмауы көп өнердің шиыршығын өнермен ұштастырып жүрген өнер иелеріне бас имеске болмас. Олар

өнер қызметкерлері өздеріне жүктелген міндетті лайықты орындап жүр. Аудан көлемінде өтіп жатқан ізгілікті, игілікті іс-шара сіздердің талмай еңбек етулеріңіздің арқасы. Сондықтан аудан мәдениетінің өркендеп қанат жая беруіне тілектестігімізді білдіре келе, осы салаға бар ынта-жігерін салып жүрген барлық мәдениет қызметкерлері сіздерге қажымас қайрат, мықты денсаулық, жұмыста тек табыс тілейміз», - деді, өз сөзінде. Сонымен қатар **О с а к а р о в** ауданының



нағыз өз ісінің шебері ретінде өнерге жан дүниесімен берілген, өнер үшін бәріне дайын жандар. Мәдениет саласының өнерпаздары ауданымыздың айнасы. Қашанда инабаттылықтың, ибалықтың, мәдениеттіліктің алдыңғы легінде жүретін белсенділер санатынан. Дәл осындай киелі өнер жолында жүрген, мамандығын жүрекпен қалап, жүрекке жеткізуді басты мақсаттары еткен мәдениет саласының майталмандары төл мерекелерін атап өтті. Аталған мереке күні аудандық өлкетану музейінің жиын залында, аудан әкімі Қ. Шайжанов өнер иелерін мерекелерімен құттықтап: - «Мәдениет және

мәдениетін дамытуға қосқан көпжылдық адал еңбегі үшін аудан әкімінің құрмет грамотасымен Молодежный кентінің кітапхана қызметкері К. Ахметова, Озерное селосының ауылдық мәдениет үйінің музыка жетекшісі М. Амренова және аудандық орталықтан дырылған кітапхана жүйесінің, қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Н. Шәкірбекова аудан мәдениетінің өсуіне сүбелі үлестері үшін марапатталды. Әсем ән шырқалып, шағын шара үлкен әсерге бөледі.

**Г. ШОРАЕВА**